

біліміндегі этнолингвистиканың жеке сала ретінде қалыптасып, жылдан-жылға жетіліп ғылымда табан тіреп орныққанына көптеген ғалымдардың еңбегі сіңді. Олар этнолингвистиканы әр қырынан қарастырып, өзінше зерттеп, оның өзіндік зерттеу бағытын айқындап берді. Бұл саладағы ұлтаралық, әрі тіларалық проблемалардың жаңаша сипатын сөзге тиек ету көптеген жылдардың еншісінде және осылардың барлығы да қазақ этнолингвистикасына да қатысты деп айтуға болады.

Әдебиеттер:

Вайсгербер Й.Л. Язык и философия // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1993. – № 2 (март-апрель). – С. 114-124.

Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку /Перевод Л.Н. Натан, Е.С.Турковой/ // Языки как образ мира. – М.: ООО Издательство АСТ; СПб.: Terra Fantastica, 2003. – 568 с.

Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. (Язык и этнос) /Отв. редактор Н.И.Толстой/. Сборник научных трудов. – Л.: Наука, 1983. – 252 с.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

Ozet

Bu makalede Kazak etnolınvıstık özelliکleri ele alınmıřtır.

Resume

The article deals with the Kazakh ethnolinguistic propertyies.

Қ.Т. МҰХАМАДИ

ф.ғ.к., доцент, С. Демирел ат.
университет, Алматы қ.

ЕСІМ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ТІЛДЕГІ БАСҚА ҚҰБЫЛЫСТАРДАН АЙЫРМАСЫ

Есім аналитикалық тұлғаларының теориялық сипатын толық ашу үшін оның басқа тілдік құбылыстардан несімен ерекшеленетіндігін дәлелдеу қажет.

Мәселен, есім аналитикалық тұлғалары мен сөз тіркесінің ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Олардың айырым-белгілерін тиянақтаудың артықтығы жоқ. Есім аналитикалық тұлғалары мен сөз тіркестерінің сәйкес жақтары: екеуі де, біріншіден, тілде дайын тұрған бірліктер емес, сөйлеу кезінде белгілі бір үлгі бойынша жасалады.

Екіншіден, олар кем дегенде екі сыңардан тұрады.

Бұлардағы ең басты айырмашылықтар мыналар: 1) сөз тіркесі сыңарлары екі негізгі (атауыш) сөзден болса, аналитикалық тұлғаның сыңарлары тең емес екі сыңардан, атап айтқанда көмекші сөз бен негізгі (атауыш) сөзден тұрады. 2) сөз тіркесінің әр сыңары негізгі сөзден тұратындықтан әрқайсысы өзінің лексикалық мағына дербестігін сақтаса, есім сөздің аналитикалық тұлғасында лексикалық мағынаны білдіретін сыңар – негізгі сөз де, көмекші сөзде лексикалық мағына болмайды, сондықтан олар бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді, 3) сөз тіркесінің әр сыңары белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің мүшесі бола алса, есім аналитикалық тұлғаның сыңарлары өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды, олар тұтасқан күйінде ғана бір сөйлем мүшесі болады, 4) есім аналитикалық тұлғалы сөздің сыңарлары сөйлемдегі сөздермен тұтас күйінде байланысатын болса, сөз тіркесінің әр сыңары сөйлемдегі сөздермен жеке-жеке байланысады.

Есім аналитикалық тұлғаларын өзге тілдік құбылыстардан айырмашылығын ашуда олардың күрделі зат есімдерден (күрделі сөздерден) ерекшелігін ұстанымдарын да көрсету керек.

Ғалым К.Аханов аналитикалық сөз бен күрделі сөздің мынадай айырмашылықтарын көрсеткен:

1) күрделі сөз толық мағыналы және тең мағыналы сыңарлардан құралса, сөздің аналитикалық формасы тең емес сыңарлардан, атап айтқанда, атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады.

2) күрделі сөзді құрастырушы сыңарлардың екеуі де біртұтас лексикалық мағынаны білдіру қызметінде жұмсалса, аналитикалық конструкцияны құрастырушы сыңарлардың көмекші сөзден болған сыңары грамматикалық мағынаны білдіру қызметінде жұмсалады.

3) күрделі сөз сөйлеу кезінде жасалмай, бұрыннан жасалып даяр тұрған единица ретінде сөз тіркесінің немесе сөйлемнің құрамына ене салса, сөздің аналитикалық формасы тілде бар, қалыптасқан үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады. [1, 337б.].

Тілде грамматикалық аналитизм мен лексикалық аналитизмнің өзіндік ерекшеліктері бар. Грамматикалық аналитизм мен лексикалық аналитизмнің ерекшелігін көрсету үшін есім аналитикалық тұлғаларын күрделі зат есімдермен салыстыру да арқылы көз жеткізуге және есім аналитикалық тұлғаларын күрделі зат есімдермен ерекшеліктерін ашуға да болады. Өйткені есім аналитикалық тұлғаларын күрделі зат есімдермен ерекшелігін ұстанымдары жоқ емес. Ғалым Б.Қасым күрделі атауларға тән негізгі белгілер ретінде мыналарды атап көрсетті:

1. тұтас бір ұғымды білдіретіндігі,

2. құрамындағы сыңарлары үнемі мағыналық тұтастықта жұмсалатыны,
қызмет жағынан бөлшектенбейтіні,

3. күрделі атау тұлға мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік дербес бірлік [2, 32б.].

Есім аналитикалық тұлғалары мен күрделі зат есімдердің сырттай қарағанда, ұқсастықтары болғанымен, қолданылу мақсаты да, тілде атқаратын қызметі де басқа-басқа құбылыстар. Оны дәлелдеу үшін жалпы күрделі сөздер, күрделі зат атауларына тән ғылымда қалыптасқан теориялық негізге, заңдылықтар мен белгілерге сүйену қажет. Есім аналитикалық тұлғалары мен күрделі зат есімдердің мынадай ұқсастықтары бар: 1) екеуі де екі немесе одан да көп сыңардан тұрады: тұрғын үй, үй іші; 2) екеуінің де арасына басқа сөздерді қоюға болмайды, 3) екеуі де сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

Жоғарыдағыдай ұқсастықтарын саралап алғаннан кейін, есім аналитикалық тұлғалары мен күрделі зат есімдердің айырмашылықтарын айтуға болады:

1. Күрделі зат есімнің құрылымы толық мағыналы сөздерден болса, аналитикалық тұлғалы есім сөздердің құрылымы толық мағыналы сөз бен көмекші сөзден тұрады.

2. Күрделі зат есімдердің мағынасы оның құрамындағы сыңарларының мағынасынан жасалады. Яғни күрделі зат есімдер «жеке сөздердің мағынасынан тұтасып, жаңа сападағы атаулық мағына түзеген лексикалық бірлік болып табылады. Мысалы, *ас үй, кіндік шеше, бұлшық ет, бел омыртқа, күрек тіс* т.б. Бұл мысалдардағы күрделі сөздердің толық мағыналы сыңарлары күрделі зат атауларының мағынасын жасауға бірдей қатысып тұр. Ал есім аналитикалық тұлғаларында оның бірінші сыңары лексикалық мағынаны білдіреді, ал екінші сыңары оған грамматикалық мағына қосады.

3. Күрделі зат есімдердің құрамы тұрақты, олардың сыңарларын өзгертуге болмайды. Б.Қасым: «... егер сыңарларының орны өзгерсе, я ауысса мағына өзгереді, күрделі сөздердің тұрпаты бұзылады. Біріншіден, жалпы күрделі сөздің мағынасына нұқсан келсе, екіншіден, басқа тілдік құбылысқа көшеді, ретсіздік пайда болады: *бозбала, /бала боз, бозтікен /тікен боз, асқазан /қазан ас, сарыөрік / өрік сары, пікірталас /талас пікір, қарақұс /құс қара, қарабидай /бидай қара, егеуқұйрық / құйрық егеу т.б.*» - деп көрсетеді [2, 35].

Ал есім аналитикалық тұлғаларының көмекші сыңарын ауыстыруға болады. Мысалы, *үй ішінде, үй сыртында, үй алдында, өте үлкен, үн-үлкен* т.б. Есім аналитикалық тұлғаларындағы сөздің құрамындағы сөздің құрамындағы көмекші сөзді қажетіне қарай ауыстырғанда, ондағы лексикалық мағына сақталады.

4. Күрделі зат есімдер – сөзжасамның нысаны болса, есім аналитикалық тұлғалары грамматиканың (морфологияның) нысаны болып табылады. Бірақ екеуі де «анализм» атауымен аталады. Б.Қасым: «Анализм - күрделі

аталым жасаудың, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалаудың, күрделі құрылымдық жүйенің *дара бірлік* ретінде қалыптастырудың жолы, яғни әртүрлі мағынаны білдіретін тіркестердің бір номинативті мағына беретін бірлік ретінде жаңа номинативтік қызметке көшуі, сөйтіп, біртұтас лексикалық мағынаға ие болуы, яғни лексема ретінде қалыптасуы» - [2, 176.] деп, аналитизм құбылысының сөзжасамға қатысын көрсетеді. Ал морфологияда грамматикалық аналитизм аналитикалық тұлғамен байланысты.

Енді бір ерекше тоқталуды қажет ететін мәселе есім аналитикалық тұлғалары мен етістіктің аналитикалық тұлғаларына тән ортақтықтар мен өзгешеліктер туралы болмақ. Бұл мәселеге қатысты ғалымдар тарапынан айтылған пікірлер ара-кідік кездеседі, бірақ ол өте аз.

Мәселен, ғалым И.А.Селицкая «К вопросу об аналитических формах глагола и именных конструкциях в прибалтийско-финских языках» деген мақаласында етістік пен есімнің аналитикалық тұлғаларының ерекшеліктері мен ұқсас жақтарына тоқталған. Осы мақаласында И.А.Селицкая: «Сочетания имен с предлогами и послелогоми в прибалтийско-финских языках могут представлять собой именные аналитические конструкции, состоящие из знаменательного и служебного слово»[3, с.330] - дей келіп, етістік пен есім аналитикалық тұлғаларына тән ортақ белгілерді көрсетеді. И.А.Селицкаяның пікірінше, ол белгілерге мыналар жатады:

1. Тіркес сыңарлары бөлек жазылғанымен, оларға ортақ лексикалық мағына дербес сөзде тұрады, көмекші сөзге тек қана грамматикалық ақпарат тән.

2. Тіркес сыңарларының орын тәртібінде тұрақтылық болады.[3, с.331]. Ғалым И.А.Селицкая көрсеткен бұл екі белгі есім аналитикалық тұлғасына тән екенін біздің зертеуімізде көрсетіп отыр. Сол сияқты И.А.Селицкая есім аналитикалық тұлғалары мен етістіктің аналитикалық тұлғаларына тән ұқсастықтармен қоса, кейбір ерекшеліктердің болатынын айтады: «Именные и глагольные аналитические конструкции кроме сходства имеют и некоторые различия: компоненты именной аналитической конструкций в отличие от глагольной не могут употребляться каждый в отдельности без нарушения смысла предложения, следовательно, какой-либо из компонентов не может быть заместителем всей конструкций (как это имеет место в случаях, когда перед нами аналитическая форма глагола)» [3, с.332].

Біздің ойымызша, есім мен етістіктің аналитикалық тұлғаларына тән бірнеше ұқсастықтар бар және ол заңды да өйткені екеуі де аналитикалық тұлға теориясына сай қалыптасқан, сол теорияға бағынады. Есім мен етістіктің аналитикалық тұлғаларынан тән мынадай ортақ белгілер бар:

Біріншіден, есім аналитикалық тұлғалы сөз бен етістікті аналитикалық тұлғалы сөз негізгі сөзбен көмекші сөздің тіркесінен

жасалады. Мысалы, *келе қалды, айта салды, күліп жіберді, жаза бастады, отыра кетті* – үйге қарай, жаңбырдан соң, өзенге таман, үйдің іші, ауылдың маңы, өте жақсы, аса сұлу, жап-жақсы, жеп-жеңіл т.б.

Екіншіден, бір ғана морфемадан, яғни тек қана көмекші сөзден тұратын аналитикалық форманттар есімде де, етістікте де кездеседі: *ең, тым, аса, емес, жоқ, еді* т.б. Бұл аталған форманттар қосымшасыз келетіндіктен, оны тілде таза аналитикалық формант деп атау да бар. Бұл туралы Н.Оралбай былай деп жазады: «Көмекші сөздің сөзге қосымшасыз тіркесуі арқылы жасалған аналитикалық форма таза аналитикалық форма (өте жақсы, ең үлкен, өте ауыр т.б.) болуы керек те, көмекші сөздің дербес сөзге қосымша арқылы тіркесінен жасалған сөздің формасы аралас аналитикалық форма (келе қал, біліп қой, құлай жазда(ды) т.б.) аталуы қажет. [4, 26б.].

Үшіншіден, сөздің аналитикалық формасын жасаушы көмекші сөз дербес сөзге қосымша арқылы да, қосымшасыз да тіркесу жағдайы есім аналитизмінде де, етістіктің аналитизмінде де ұшырасады. Сапалық сын есімнің асырмалы шырайында көмекші сөз дербес сөзге ешбір қосымшасыз алдынан тікелей тіркеседі: *ең жақсы, өте кең, тым тар* т.б.

Төртіншіден, есім аналитизмінде де, етістіктің аналитизмінде де көмекші сөздер көбінесе дербес сөздің тұлғасын таңдайды. Мысалы, *үйге алды емес, үйдің алды, менде үшін емес, мен үшін* т.б. Есім аналитизміне қатысты көмекші есімдер де, септеулік шылаулар да сөз тұлғасын талғайтын көмекшілерге жатады, сондықтан олар дербес сөздің белгілі бір тұлғада тұруын керек етеді. Сол сияқты дербес сөз тұлғасын таңдап тіркесетін көмекшілердің бірі – септеулік шылаулар. Септеулік шылаулар тек атау, барыс, шығыс және көмектес септіктердің бірінде тұрған дербес сөздерге тіркеседі.

Бесіншіден, етістіктің аналитикалық форманттарының мағыналық ерекшелігі болатынындай, есім аналитикалық форманттарының да мағыналық ерекшелігі болады. Мәселен олардың екеуінің де мағынасына синонимдік қасиет тән, тілде ерекше күшпен, қарқынмен бір рет қана тез жасалатын қимылды білдіретін бірнеше аналитикалық форманттар қалыптасқан: *...қыздар отырған жақ, түкпірге қарай бар күшімен и т е р і п к е п ж і б е р д і* (Б.Нұржекеев). *Сарала офицер жастықтан басын ыршыта көтере бергенде, шашынан бүре ұстап, басын қабырғаға бар пәрменімен с о з ы п к е п қ а л д ы* (Д.Әбілев). *Қиралаң етіп оң жамбасына аунап түсіп, тағы да дүлейлі сесімен кеудесіне қарай төніп келе жатқан зілдей етікті қаусыра ұстай алып, б ұ р а п к е п т ұ с т і* (С.Сматаев). Бұл сөйлемдердің барлығында да қимылдың ерекше қарқынмен жасалу мағынасы бары байқалады. Бірақ ол мағына алынған сөйлемдерде әртүрлі аналитикалық форманттар арқылы беріліп тұр. Ал осындай жағдай есім аналитикалық форманттарынан да орын алған: Әрине бұл жағдай синонимдік қатардағы аналитикалық форманттардың өзіне тән ерекшелігіне байланысты. Олардағы айырмашылықтың болуы, я

өзіндік мағыналық реңктің болуы олардың тілде, сөйлеуде өмір сүруіне, басқаша айтқанда, тілден, сөйлеуден орын алуына мүмкіндік берген. Сол себепті де аталған аналитикалық форманттар өзара бірімен-бірі синонимдік қатар құрайды. Мысалы, *Мен Иванның қасында тұрғанмын, Шахтинский қойнына қол жүгіртіп менің де аты-жөнімді, қайда не істейтінімді тәптіштеп жазып алды* (О.Бөкей). *Шіркеудің жанында демесең, тамаша ақ өзі* (Қ.Жұмаділов). *Осы арада ат үріккендей қос құлағын шұғыл тігіп, өкпелі тұсына қалып бара жатқан оба тасқа оқырына қарады* (Ә.Нұрпейісов).

Сол сияқты етістіктің аналитикалық форманттары өзара омоним болса, есім аналитикалық форманттары өзара омоним бола алады. Мәселен – *а түс* аналитикалық форманты қимылдың үдеуін, әрі қарай созылуын білдіреді, сондай-ақ дәл осы формант тез, қысқа жасалатын қимылды білдіреді. Мысалы, *Бұрынырақ кезде бұндай асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүррр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті* (М.Әуезов). Осы сөйлемдегі «ала түсті» аналитикалық форманты қимылдың тездігін білдірсе, мына бір сөйлемде қимылдың созылықтылығын білдіреді: *Бұл пьесада Күләштің драмалық дарыны ашыла ала түсті* (Е.Брусиловский). Сонымен қатар –*а түс* формантының еліктеуіш сөзден жасалған құранды етістіктермен тіркесі де қимылдың тездігін білдіреді. Мысалы, *Сол кезде мылтық дауысы шаңқетет түсті* (С.Сейфуллин). *Әлгі ұзын созылып барып, жалпелетет түсті* (С.Бақбергенов).

–*нің іші* аналитикалық форманты мекен мағынасын береді, дәл осы формант сондай-ақ мезгіл мағынасын да білдіреді. Мысалы: *Үй іші кенет қап-қара бірдеңелерге толып кеткендей болды* (Ә.Нұрпейісов); *Жұмат Шанин дереу қоюға кірісті, екі-үш айдың ішінде постановканы сахнаға шығарды* (Ш.Жиенқұлова). Бұл айтылғандар аналитикалық форманттардың мағыналық ерекшелігі есімнен де, етістіктен де орын алатынын көрсетеді.

Есім мен етістіктің аналитикалық тұлғаларына тән жоғарыдағы ұқсастықтарынан өзге айырмашылықтары да бар. Олар мыналар:

Біріншіден, етістіктің аналитикалық тұлғасында көмекші сөз дербес сөзден кейін тіркессе, кей жағдайда есім аналитикалық тұлғаларында көмекші сөз дербес сөздің алдында да келе береді. Көмекші сөздің дербес сөздің алдынан келуіне оның сапалық сын есімнің шырай категориясында қолданылуын мысалға келтіруге болады: *ең үлкен, аса сұлу, ең таңдаулы, тым жеңіл, жап-жақсы, үл-үлкен* т.б.

Екіншіден, есім аналитикалық форманттары бір, екі, үш морфемалы болса, етістіктің аналитикалық форманттары морфеманың құрамы жағынан төртке дейін жетіп, олар күрделенген аналитикалық форманттар деп аталады. Күрделенген аналитикалық форманттарға тән ортақ белгілерді көрсеткенде Н.Оралбай оның бір белгісі ретінде күрделенген аналитикалық форманттар тек қана етістікпен қолданылатынын, тек қана етістікке

тіркесетінін айтқан [4, 596.]. Ғалымның бұл пікірінің дұрыстығын Б.Қарымбаева күрделенген аналитикалық форманттардың мағынасы мен қолданысына қатысты жазған кандидаттық диссертациясында дәлелдеді [5].

Үшіншіден, етістіктің аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірлік біреу ғана болса, есімнің аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірліктер бірнешеу. Етістіктің аналитикалық тұлғасын жасаушы тілдік бірлік ретінде көмекші етістік қана танылса, есімнің аналитикалық бірліктері ретінде көмекші есім, септеулік шылау, күшейткіш көмекшілер және күшейткіш буындар аталады. Мысалы: *Күрекең төрде, құрақ көрпе үстінде демалып жатты, мен сығырайған жетілік лампаның жарығында әлгі кітапты оқиыншы деп парағын аштым* (Ш.Жиенқұлова); *Ол бір жетіден кейін ғана қайтып оралды* (Ә.Нұрпейісов); *Халық та бір, алтын іздеуші де бір; оның бағалы, ең данышпан нәрсені ғана іріктеп алып, сақтап, өңдеп, әлденеше он жылдар ұстайды* (Ш.Жиенқұлова); *Ол кісі мені қолымнан жетелеп, өзінің төсегіне әкелді де, жұп – жұмсақ бауырына қысып, тас қып құшақтап қысып жатты* (Т.Әбдіков). Осы алынған сөйлемдерде «көрпе үстінде», «жетіден кейін», «ең бағалы», «ең данышпан», «жұп-жұмсақ» дегендер - есім аналитикалық тұлғалы сөздер олардың алдыңғы екеуі септік категориясына аналитикалық тұлғаларындағы сөздер, ал соңғылары шырай категориясының аналитикалық тұлғасындағы сөздер. Яғни бұл аналитикалық тұлғалы сөздер екі түрлі категорияға қатысты. Олар екі категорияға қатысты болғанымен оны жасаушы тілдік бірліктер екіден көп алғашқы сөйлемдегі «көрпе үстінде» дегенде көмекші есім аналитикалық бірлік болып тұрса, екінші сөйлемдегі «жетіден кейін» дегенде септеулік шылау аналитикалық тұлға жасаушы бірлік болып тұр. Ал үшінші сөйлемдегі «ең бағалы», «ең данышпан» дегендерде ең күшейткіш көмекшісі арқылы аналитикалық тұлға жасалған, соңғы сөйлемдегі «жұп-жұмсақ» дегенде күшейткіш буын қатысы арқылы аналитикалық тұлға жасалып тұр.

Ал етістікке келетін болсақ етістіктің аналитикалық тұлғасы (форманттары) бірнеше категорияға қатысты. Етістіктің аналитикалық тұлғасы етістіктің модалдылық, қимылдың өту сипаты, рай, болымсыздық т.б категорияларында бар. Бірақ олардың бәрінде аналитикалық тұлға жасаушы бірлік ретінде көмекші етістік қатысады. Мысалы: *Көзінде бір сағынғандық қуаныш сәулесі жарқ етіп тұтанды да, заматта өз қуанышынан өзі ұялғандай, кенет сөне қалды* (І.Есенберлин); *Жұрттың көбі бостандықты енді өз еркімен, өзінше тұсіне бастады* (С.Сейфуллин); *Оқымаған шешесінің әлі күнге ұмытпай, бүлдірмей сақтап жүрген зейініне таң қалды* (М.Әуезов). Мұндағы сөйлемдерде сөну қимылының тез, кенеттен болғандығы білдірілсе, екінші сөйлемде түсіну қимылының лексикалық мағынасына басталу мағынасы қосылған. Соңғы сөйлемде сақтау қимылының осы қолданыста ұзаққа созылған қимыл екені білдірілген. Сөйтіп осы алынған сөйлемдердегі етістіктер қимылдың түрліше жасалуын

білдіріп тұр, яғни ол етістіктер – қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштерімен түрленіп тұр. Ал бұл жердегі қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері –е қал, -е баста, -п жүр аналитикалық форманттары. Бұл аналитикалық форманттарының бәрінің құрамында көмекші етістік бар.

Осы сияқты мысалдар мен дәлелдеулерді етістіктің модалдылық, болымсыздық, рай т.б категорияларына қатысты келтіруге болады. Олардың да аналитикалық тұлғаларында көмекші етістік болады.

Ғалым Н.Оралбаева: «...көмекші етістік аналитикалық форманттың негізгі сыңары, тілде ол аналитикалық формант құрамында, онымен бірге ғана қалыптасқан. Көмекші етістіктің қолданылуы да, мағынасы да, қалыптасуы да аналитикалық формантпен байланысты» - деп жазады [4, 48б.].

Етістіктің аналитикалық формант құрамында бірінші сыңарында көсемше, есімше, шартты райдың, қалау райдың, тұйық етістіктердің жұрнақтары келе берсе, екінші сыңарында міндетті түрде көмекші етістік қана болады.

Есім аналитикалық тұлғаларының ең басты өлшемі, ғылыми сипаттамасы жалпы аналитикалық тұлға теориясы негізінде зерделенді. Өйткені аналитикалық тұлғаға қатысты ғылыми негіздемелер – есім аналитизміне де, етістіктің аналитизміне де ортақ заңдылықтар. Солай болғанымен де олардың әрқайсысына (етістік пен есімге) тән ерекшеліктердің бары сөзсіз. Есім мен етістіктің әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктер олардың сөз табы ретіндегі табиғатынан туындайды.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. Алматы: Санат, 1996. - 239 б.
2. Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным (зерттеулер). Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010.-383 б.
3. Селицкая И.А. К вопросу об аналитических формах глагола и именных аналитических конструкциях в прибалтийско-финских языках (на материале финского, ижорского и эстонского языков) // Аналитические конструкции в языках различных типов. –М.-Л., 1965. С.317-332
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. Алматы: Мектеп, 1975. -136 б.
5. Қарымбаева Б. Қазақ тіліндегі күрделенген аналитикалық форманттардың мағынасы мен қолданысы: фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2003. 161 б.